

К. Ж. ЕТЕГЕНОВА

## XX ҒАСЫРДЫҢ 60-90-ШЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ІШКІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚТАРДАҒЫ ТАРИХИ САЛАЛАРЫ

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Таяу Шығыс – жер шарындағы қауіпті аймақтардың біріне айналып, 1960-шы жылдардан бастап ең соғысшыл аумақ болып табылды. Жалпы XX ғасырдың 50-ші жылдарын жергілікті мемлекеттердің өміріндегі экономикасы мен саясатында отаршылдық құрылым үстемдігінің соңғы кезеңі деп сипаттауға болады. Бұған қоса бұл кезең бір жағынан әр мемлекеттің аумағындағы өте қиын және өрескел қақтығыстарға толы кезең десек, екінші жағынан, батыс елдерінің бұрынғы отаршыл құрылым мүдделерін көкөспей отырған кезең деуге болады. Халықаралық қатынастардың барлық дерлік салаларында болып жатқан қақтығыстар, жалпы алғанда шарықтау кезеңінде әлемдік қауымдастықтың аталмыш топтары арасындағы қарым-қатынастардың шарттарына алып келіп соқты: ең өзектісі – өркениетті шаруашылықтары бар отарлық емес немесе тең дәрежелі мемлекеттік субъектілердің қарым-қатынастарына алып келуі болды. 1960-шы жылдардың көрсеткіші бойынша, Батыспен қақтығысқа көбінесе жас тәуелсіз мемлекеттер немесе егемендігін ерте алған Парсы шығанағындағы елдер ынталы болып келді [1].

1970-ші жылдары жергілікті мемлекеттер мен әлемнің ірі мемлекеттері арасындағы қарым-қатынастардың жаңа кезеңінің басталуы: яғни алғашқы елдер өздерінің экспорттық өнімдері үшін әлемдік нарықта бағаның қалыптасуына өз шарттарын қоя бастады [1].

Бұл үрдістегі ең басты басымдылық алған себепкер шарт – мұнай болып табылады. Дәлірек айтсақ, 1970-ші жылдары қарама-қайшылық пен қақтығыстың түйіні – саясат емес, экономикалық мақсаттағы мұнай факторы болды [2]. Дамушы елдердегі шикізат тауарларының бағалары арасындағы арақатынас дайын тауар өнімдеріне бір жағынан, өнеркәсібі дамыған елдердің, екінші жағынан, әлемдік саудада эквиваленттік емес айырбастың негізін құрап, неоколониализмнің тірегі болып есептелді. Бірақ 1973-ші жылы Шығанақтағы мұнай өндіруші елдер және оның ОПЕК-тегі одақтастары экспортқа шығарылатын мұнайға бағаны күрт өсіру «жолына түсті». Бұл өнеркәсібі дамыған елдерде мұнайды пайдалану жағынан қайта құру қиындықтарына әкеліп соқты. Бұдан XX ғасырдың соңғы 25

жылдық «күн тәртібінде» талап етілгені мыналар болатын: Шығанақтағы және жалпы Таяу Шығыстағы ірі мемлекеттердің саяси белсенділігінің нығаюы, аймақтағы әлеуметтік қозғалыстар мен революциялар, арандатушы соғыстар және Батыстың ірі мемлекеттері әскери күштерінің жалпы осы аймақтағы елдердің және кейбір жергілікті мемлекеттердің ішкі істеріне тікелей араласулары.

Осылайша, соңғы онжылдық тарихында мұнай факторы жағымды да, жағымсыз жағымен көрінді. Мұның себебі: бірінші жағдайда Шығанақтың көптеген елдері бай мұнай кендеріне ие болуы. Бұдан мұнай доллары күйінде ұлттық бюджетке ірі қосымша кіріс түсетіндігі. Әрине бұл билеуші ортаның өз байлығын қанағаттандырып қана қоймай, өз елдеріндегі тұрғындардың өмір сүру дәрежесін жоғарылату үшін қор жасауға көмектесті.

Екінші жағдай, мұнай байлықтары – жалпы бұл аймақта жаңа мұнай көздеріне және экспорттық ағымдарға бақылау орнату саласында шиеленістердің өрши түсуіне әкеліп соқты. Бұл көтеріліске жергілікті саяси күштер де, сыртқы мемлекеттік монополиялық капиталы да белсенді түрде қатысты. Жергілікті ұлттық мұнай корпорациялары мен шетелдік трансұлттық компаниялары арасындағы қарама-қайшылықтардың соңғы қорытындылаушы кезеңі дәл 60-70-ші жылдарға тура келген еді: дәл осы онжылдықта Шығанақтағы барлық елдер өз территорияларында мұнай өндірісін түпкілікті ұлттандыру шараларын жүргізді. Бірақ бұл үрдіс өте ауыр түрде өтті: яғни шетелдік компаниялардың ұлттық үкіметтерге қысым жасау аясын өз құқығына қалдырған еді: бұл – техникалық жабдықтау мен қызмет көрсету, кадр мәселесі, тасымалдау, мұнай және газ өнімдерін халықаралық нарықта орналастырып, оларды өткізу мәселелері еді. Бұдан басқа мұнайға баға қалыптастыру саласында, сонымен қатар экспортқа шығарылатын және де импортқа қабылданатын дайын өндірістік тауарлар мен әсіресе, технология саласында баға арақатынасы бойынша күрес өрши түсті. Мұнай мен газ – бұл аймақтағы саяси жағдайды шиеленістіруші ең бір негізгі факторға айналып: бір жағынан, жергілікті елдердің арасындағы қатынастарда, екінші жағынан, Шығанақтағы төл мемлекеттердің ара қатынастарында шешуші рөл атқарды [3].

Бұл аймақтағы елдердің арасында әртүрлі мәселелер бойынша қарама-қайшылықтардың өсуі – біртіндеп жергілікті тәртіп жағдайында саяси қарсы күреске алып келді. Мұны осы аймақта саяси және экономикалық орнын сақтай отырып, сыртқы саяси күштер белсенді түрде пайдаланды. Одан әрі орын алған оқиғалардың көрсеткеніндей, шетелдік ірі мемлекеттер саяси және әскери түрде жалпы осы аймақта және оның кейбір мемлекеттерінің саяси өмірлеріне, сонымен қатар ішкі істеріне араласуды күшейту үшін өздеріне қолайлы жағдай жасады. Бұл байланысқа қарап отырып, қазіргі кезде жер шарында Таяу Шығыс ең қауіпті аймақтардың бірі деп атап өткеніміз мақсатқа сай болып есептеледі. Мұнда бір соғыстан кейін екінші соғыс ошағы тұтанып жатады. Оларды санайтын болсақ, ХХ ғасырдың 40-шы жылдарында бұл аймақта араб-израиль соғыстарынан басқа жеті ірі шайқас болған. Оның ішінде төрт араб-израиль (1948, 1957, 1967, 1973) соғыстары, Иран мен Ирак арасындағы (1980–1988) соғыс, Ирак пен Кувейт арасындағы (1990–1991) соғыс, Америка мен Ирак арасындағы (2003) соғыс, сонымен бірге Ливандағы (1975–1982) соғыс Израиль мен Сирия әскерлері қатысқан азаматтық соғыс, «Интифада» кезеңіндегі Израиль мен Палестина арасындағы шайқастар, шейіттіктер мен күрдтердің көтерілістеріне қарсы Бағдадтың әскери операциялары және тағы да басқа қантөгіс шайқастар жайлы ұмытуға болмайды. Аймақ ішіндегі мұндай соғыстардың негізгі ерекшелігі – бұл соғыстардың тұтануына да, барысына және аяқталуына да тікелей не жанама түрде АҚШ, Англия, Франция және бұрынғы Кеңес Одағы сияқты ірі мемлекеттер белсенді қатысып отырды [4].

Мұнан басқа, маңызды да басты рөлді атқарған – аймақтағы халықаралық қатынастардың шиеленісуін ынталандырған кең ауқымды да ұзақ мерзімге созылған соғыста – мұнай факторы болды. Жүздеген жылдар бойы кез келген экономиканың дамуына әсер ететін ең қажетті тауар – мұнай және газ болып есептеледі. Бүкіл әлемдік қорда бұл ресурстардың 2/3 бөлігі кең ауқымды Таяу Шығыста және географиялық көршілес территорияларда шоғырланған.

Осылайша Таяу Шығыс аймағының соңғы жиырма бес, отыз жылдағы тарихын – аймақтың саяси нысанасы үшін, жергілікті көмірсутекті ресурстарды пайдаға асыруға арналған жылдар деп атауға болады. Батыс мұнда өзінің Таяу Шығыс елдерінің ішкі де халықаралық та істеріне араласуын қамтамасыз ететін өзіне қолайлы жағдай қалыптастырып алды. Мұнда

ХХ ғасырдың дәл 80–90-шы жылдары АҚШ Таяу Шығыстың шиеленісті мәселелерін шешуде өзінің іс жүзіндегі жетекші рөлінен монополиялық сыртқы делдалға айналды. 2003-ші жылдың наурыз айында Вашингтонның Ирак Республикасына қарсы соғысы көрсеткендей, АҚШ әлемдік қауымдастық пікірінен бас тартып, қауымдастықтың өзіне жарамсыз саяси тәртібін әскери күшпен басуға кірісті. Вашингтонның осы басқыншылық жолындағы алғашқы құрбаны болып – Ирак табылды.

#### ӘДЕБИЕТ

1. *Примаков Е.М.* Анатомия ближневосточного конфликта. М.: Мысль, 1978.; Саудовская Аравия: история, цивилизация и развитие // Эр-Рияд, министерство информации, 1989; Советская внешняя политика в годы «холодной войны» (1945–1985). Новое прочтение. М.: Международные отношения, 1995; *Тимохин П.П.* Военно-силовая политика США. М.: Воениздат, 1987, и др.
2. *Валькова Л.В.* Саудовская Аравия. Нефть, ислам, политика. М., 1987; *Маркарян Р.В.* Зона Персидского залива. Проблемы, перспективы. М., 1986; *Тыссовский Ю.К.*, *Лосев С.А.* Ближневосточный кризис: нефть и политика, новые политико-экономические факторы и их влияние на расстановку сил в регионе. М., 1980 и др.
3. *Александров И.А.* Монархии Персидского залива: этап модернизации. М., 2000; *Маликов Б.* Совет сотрудничества арабских стран Залива. М.: Дар-аль-Кимам, 1994; *Шарипов У.З.* Персидский залив: нефть, политика и войны. М., 2000 и др.
4. *Олишнев А.Ю.* Ближний и Средний Восток: актуальные проблемы международных отношений. М.: ЮНИТИ-Дата, 2004. С.8.

#### Резюме

Рассмотрены вопросы изменений во внутригосударственных отношениях на Ближнем Востоке и международных противоречий в данном регионе в 60–90-х годах ХХ в. Особое внимание акцентируется на нефтяном и газовом аспектах, которые значительно повлияли на дестабилизацию в Ближневосточном регионе.

#### Summary

In the given article the questions of the internal relations changes in the Middle East and international contradictions in this region in the 60-90-s of the 20<sup>th</sup> century are under consideration. Special attention is paid to the oil and gas aspects, which significantly influenced on the destabilized situation in the Middle East.